

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 13 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 57 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 18.03.2024 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы әкімдігінің "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5475 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикалық нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Е.А. Әлімқұлов
 Е.Кенжеханұлы
 Б.Д.Тәжібаев
 Қ.Ә.Қайыпбек
 А.Б.Тасыбаев

Түркістан облысы әкімдігінің
 2023 жылғы 26 қаңтардағы
 № 13 қаулысына қосымша
 Түркістан облысы әкімдігінің
 2020 жылғы 12 наурыздағы
 № 57 қаулысына қосымша

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ

| № | Аудан, қала атауы | карантинді объектілер атауы | | | | | | | | |
|----|-------------------|-----------------------------|-----------------------------|--|---------------------|--|---|--------------------------------------|--------------------------|------------------|
| | | зиянкестер | | | | аурулар | | | арамшөптер | |
| | | шығыс жеміс жемірі, гектар | калифорния қалқанша, гектар | оңтүстік америкалық қызанақ күйесі, гектар | қауыншыбыны, гектар | жеміс ағаштарының бактериялық күйігі, гектар | қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлары, вирус, гектар | қызанақтың дақты солу вирусы, гектар | жатаған у кекіре, гектар | арамсоюу, гектар |
| 1 | Арыс | | | | 1048 | | | | 669 | 120 |
| 2 | Кентау | | | | 177 | | | | 0,31 | 0,44 |
| 3 | Бәйдібек | | | | | | | | 178,96 | 5 |
| 4 | Қазығұрт | | | | | | | | 365,65 | 112,07 |
| 5 | Жетісай | | | | 856 | | | | | 7,3 |
| 6 | Мақтаарал | | | | 1563,44 | | | 3 | | 9,45 |
| 7 | Ордабасы | | | 6 | | | | | 500 | 34,2 |
| 8 | Отырар | | | | 661 | | | | 40 | 6,03 |
| 9 | Сайрам | | | | | | | | | 10,03 |
| 10 | Сарыағаш | | | 10,35 | | | 3 | | 248,7 | 42,8 |
| 11 | Сауран | | | 1,63 | 42 | | | | 125 | 2,4 |
| 12 | Созақ | | | | | | | | 192 | |
| 13 | Келес | | | 3,3 | 36 | | | | 35 | 73,473 |
| 14 | Төлеби | 48 | 23 | | | 1 | | | 90,64 | 172,205 |
| 15 | Түлкібас | | | | | | | | 116 | 7,5 |
| 16 | Шардара | | | | 396 | | | | 1920 | 110 |
| | Жиыны: | 48 | 23 | 21,28 | 4779,44 | 1 | 3 | 3 | 4481,26 | 712,898 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК